

11) оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1. Эр оқу жылшының басында МАД тобына бала қабылдау кезінде жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау басты назарға алынады (4-қосымша).

2. Мектебіміздегі МАД топтары тәрбиеленушілерді 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтайды.

МАД топтарында денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өз-өзіне қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін менгеріп саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дene сымбатын сақтауды үйренеді.

Коммуникативтілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: бейвербалды сөйлесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздерінің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс мәнерлі айтуды, жіктеуді дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын заттардың белгілері мен сапаларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алууды, берілген тақырып бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды түрлі оқиғаларды мазмұндалап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді жapsыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық қарапайым үлгілерін жасауды болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажыраты білуді, табиғат бұрышындағы мекендеуішілерді күтіп баптауды құнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістік-уақыт қатынасын, кисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоюды, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенде регистр дыбысын жырата алууды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде, минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдалап жаңғырта алууды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, құрастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңынзыдылын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді,

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытууды, әлеуметтік ортада өзара қарымс-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау қағидаларының коммуникативтік дағдыларын менгереді.